



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі алаяқтардың белсенділігі туралы ескертеңді

Астана қ.

2023 жыл, 26 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалана отырып жасалатын алаяқтықтың жиілеп кеткен жағдайлары туралы ескертеңді.

Алаяқтықпен айналысатын топтар өздерін инвестициялық компаниялар ретінде таныстырып, танымал мессенджерлерде арнайы құрылған профильдерге сілтеме жасай отырып, әлеуметтік желілерде жарнаманы белсенді қолданады. Онда азаматтарды ақша қаражатын салуға шақырып, инвестициядан қомақты қаржылық пайда табуға үәде береді.

Алаяқтар жалған лицензиялар мен басқа да құқық белгілейтін құжаттарды, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкі атынан берілгенде көрсететін жалған құжаттарды жариялады.

Қаскөйлер азаматтарды биржалық алым үшін біржолғы төлем жасауға үгіттейді. Бұл ретте азаматтарды инвестиациялық табыс алуға қазақстандық криптовалюта биржасы немесе өзге де қаржы институттары кепілдік береді деп сендіреді. Алайда, қаражатты аударымынан кейін алаяқтар байланысқа шығуды тоқтатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі инвестициялар көмегімен жылдам табыс табу туралы ақпаратты қамтитын ресурстарда алаяқтық әрекеттің айқын белгілері бар екенін назарда үстаяу үшін мәлімдейді. Себебі:

- Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шотына қызмет көрсетпейді, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жүргізбейді;
- Ұлттық Банк мемлекеттік қорлардан табыс табу үшін қандай да бір платформаларды әзірлеуге қатыспайды;
- жарнамалық ресурстарда қысқа уақыт ішінде жоғары табысқа жалған кепіл беретін мәлімет қамтылады, бірақ байланыс ақпараты жазылмайды;
- инвестиациялық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің [ресми сайтында](#) жарияланған.

Егер сіз немесе сіздің танысыңыз мұндай жағдайға тап болса, алаяқтық әрекеттерін анықтау үшін құқық қорғау органдарына тиісті арызben жүгінген жөн.

Кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша Ұлттық Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мүндағы телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz